

«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = **Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития».** - 2018. - Т.1,Ч.4. - Б.172-174

## **КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДЕ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЭТНОСТЫҚ-МӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАЗМҰНЫ**

*Сарбасова Қ., Саймбетова Ж.*

Қазіргі таңда этномәдени тұрғыда толыққанды дамыған, көпмәдениетті ортаға бейімделген, шығармашылық қабілеті жоғары, нарықтық бәсекелестік жағдайында өмір сүруге дайындалған, өзіндік ұлттық бет-бейнесі анықталған этнос субъектісін қалыптастыру күн тәртібінде тұрған мәселелердің бірі.

Көптілді білім - этномәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Бүгінде көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілеттерін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Көптілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру.

«Қазақстанның ел бірлігі доктринасында» ұлт бірлігінің үшінші негізгі қағидаты – «біріктіруші және бекітуші ретінде Ұлт Рухын нығайту және дамыту» көрсетілген, оның халықтың өзіндік санасының бір бөлігі болып табылатын мыңдаған жылдық дәстүрге, құндылықтар мен мәдениетке, тілге сүйенетіндігі айтылған [1]. Сондықтан да доктринада мемлекет алдына оларды жаңғырту мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту міндеті қойылады, мемлекеттің, әр азаматтың, қоғамның жауапкершілігі айқындалады.

Қазақстан Республикасында этномәдени білім беру жүйесін реттеу мен дамытудың басты принциптері еліміздің негізгі заңнамалық құжаттарында көрініс тапқан. Олар: Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» заңы (1997) [2], Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңы (2007) [3], Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық Кеңес бекіткен бірнеше Тұжырымдамалар: Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы (1994) [4], Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасы (1995) [5], Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы (1996) [6] және т.б. Оларда барлық құндылықтарды сақтай отырып, білім беру жүйесін Қазақстан Республикасы халықтарының ұлттық-мәдени және мәдени-тарихи дәстүрлерін ескере отырып қайта қарау қажеттілігі айтылған.

Этномәдени білім беру идеяларының, теориясы мен әдіснамасы дамуының негізгі мазмұны мен мәні мынада:

- этномәдени білім берудің эволюциясы жалпыадамзаттық, ұлтаралық және ұлттық қатынастың диалектикасы арқылы анықталады;

- этномәдени білім беру қоғамның сол кездегі әлеуметтік дамуына тәуелді болғандықтан, әр тарихи кезеңде этномәдени білім беру өзегін сол қоғамда басым болған этностық мәдениет анықтайды;

- этномәдени білім беру базалық, ең алдымен, ұлттық-мәдени және тілдік құндылықтар жүйесіне негізделеді;

- халық педагогикасы мен ұлттық тәлім-тәрбие – этномәдени білім берудің тарихи-мәдени және педагогикалық негіздері болып табылады.

Болашақ маманға этномәдени білім беру логикасы оның әлемінің үнемі кеңейтіліп отыратын көптеген бейнелері ретінде мәдениет кеңістігіне ендіруді қарастырады.

Этномәдени білім берудің сипаттамасы және оның негізгі категориялары: этномәдени даму, этномәдени тәрбие, этномәдени оқыту. Оларға берілген анықтамаларды қоштай отырып, этномәдени даму дегеніміз болашақ маманның мәдени ортаға ену процесі деп санаймыз, онда тұлғалық жаңа құрылымдары бірнеше мәрте қайта жаңғыртылады және бекітіледі, соның негізінде тұлғаның тұрақты этникалық құрылымы жеткілікті дәрежеде қалыптасады.

Этномәдени білім берудің негізгі міндеттері ретінде мыналар ұсынылды:

- жан-жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу (тұлғаның өзінің төл мәдениетіне сай болуына және өзге мәдениеттерді игеруіне жағдай жасау);
- көптілді жеке адамды қалыптастыру (ана тілінде, мемлекеттік, орыс және шетел тілдерінде еркін ұғынысуға қабілетті азаматтарды тәрбиелеу).

«Құзыреттілік, білік» – деген ұғымдар «компетенция» қайсібір тапсырманы орындауға болашақ педагогтарға келісім мен өзара сенім атмосферасын қолдауды, бірлескен қабілеттілік немес бір нәрсені жасау дегенді білдірсе, ал, этномәдени құзыреттілік іс-әрекетте жоғары нәтижеге жетуді қамтамасыз ететін мінез-құлық үлгісін табуға көмектеседі.

Педагогтың этностық-мәдени құзыреттілігі жалпы, отандық педагогикада, инновациялық сынақтармен нәтижелі өзара әрекеттесетін қабілеттілікте, өз тәжірибесін жинақтау және басқаларға беру шеберлігінде, әлемдік педагогикалық мәдениет деңгейінде табылғандармен өз қызметінің ара қатынасын белгілеу шеберлігінде пайда болады. Сондай ақ, этностық-мәдени құзыреттілікті педагог рефлексияға, яғни, өзінің жеке басына, педагогикалық шынайылыққа, тарихи-педагогикалық тәжірибеге жеке көзқараспен қабылетті болуы тиіс.

Ғалымдардың пікірі бойынша, этностық-мәдени құзыреттілік, этносаралық өзара түсінушілік пен өзара әрекетке құрылған, толерантты мінез-құлықтық қарым-қатынастар мен этностық қауымдастық пен олардың мәдениеті туралы түсініктерді, білімді бір мезгілде біріктіреді. Бұл кезде, этномәдени құзыреттілікті қалыптастыру этностық толеранттықты тәрбиелеумен ажырағысыз екенін көрінеді.

Педагогтың этностық-мәдени құзыреттілігінің құрылымдық компоненттері ретінде құзыреттіліктің сипаттамасы болып табылатын этнопедагогикалық, аймақтық, мәдениетаралық аспектілерді қарастырамыз.

Мәдениеттің пайда болуы үш көрсеткішпен өлшенеді: когнитивті, аффективті (эмоционалды-құндылықты), реттеуші, яғни тұлға өзінің мінез-құлықты траекториясын тұрғызу негіз болатын әрекеттер мен білім, эмоция-қарым-қатынас.

«Ашық қоғам» институтының халықаралық сарапшысы, Білімберу саясаты институтының директоры К.Харрисон білім берудің бағасы тұлғаның үш негізгі саласында қасиеттің орнау дәрежесі бойында жүзеге асуы тиіс деп есептейді:

- 1) білім, идеялар;
- 2) құндылықтар, қатынастар;
- 3) шеберлік, дағдалар, әрекетке қабылеттілік [7].

Осы ережелерге сүйене отырып, болашақ педагогтың этностық-мәдени құзыреттілігінің қалыптасуының өлшеуіш жүйесін қарастыруға болады [8].

Оның құрылымдық компоненттері ретінде аймақтық, этнопедагогикалық және мәдениетаралық құзыреттіліктер үш маңызды элементтермен сипатталады: құндылық, рефлексиялық, белсенділік. Олардың критериялық өлшеуіштері төменде көрсетілген:

- құндылық - (мәдени білімнің маңыздылығы білімнің мәні ретінде);

- рефлексиялық (олардың мамандықтарына, этнос мәдениетінің, аймақтың мәдениетіне, басқа ұлт өкілдеріне және олардың мәдениетіне деген көзқарасы, адамның қарым-қатынасы мен олардың айырмашылықтары);

- әрекеттілік - (әртүрлі деңгейдегі көп мәдениетті өзара әрекеттесудің формалары мен әдістеріне иелік ету).

Педагогтың этностық-мәдени құзыреттілігін қалыптасуының өлшемдері мен көрсеткіштеріне сүйене отырып, келесі деңгейлер анықталды: жоғары, орташа және төмен.

Педагогтың этностық-мәдени құзыреттілігі қалыптасуының жоғары деңгейі этностық-мәдени құзыреттілік зерттелген құрамдас құрылымдық элементтерінің тереңдігі, көлемі, жүйелі және тұтастай көрсеткіштермен сипатталады.

Орташа деңгей этностық-мәдени құзыреттілік зерттелген түрлерінің құрылымдық элементтерінің ұсақ, жүйелік емес және интегралды емес көрсеткіштерін көбейту арқылы анықталады.

Төмен деңгей этностық-мәдени құзыреттілік компоненттерінің құрылымдық элементтерінің индикаторларының фрагменттік көбеюімен, әлсіз мотивациясымен және осы сипаттамаларды қабылдау қажеттілігінен көрінеді.

Жасалынған өлшемдер жүйесі педагогтың этностық-мәдени құзыреттілігін университеттің педагогикалық үдерісінде диагностикалауға және олардың өзара тәуелділігін анықтауға мүмкіндік береді.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстанның ел бірлігі доктринасы // Егемен Қазақстан. – 2009, ноябрь – б. - № 365-367 (25764). – 3 б.
- 2 Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңы. – Алматы, 1997.
- 3 Қазақстан Республикасындағы «Білім туралы» Заң. – Алматы: Юрист, 2003. – 22 б.
- 4 Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы . – Алматы, 1994
- 5 Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасы. – Алматы, 1995.
- 6 Қазақстан Республикасында этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы. – Алматы, 1996.
- 7 Харрисон К. Роль учителей, учебных методик, школьной учебной программы: влияние на профессиональную компетентность учителей и профиль учительских кадров// Совершенствование систем образования: Стратегические приоритеты в подготовке и повышении квалификации учителей, в осуществлении контроля качества их работы. Будапешт, 3-6 декабря, 1998 г. Материалы конференции. Октябрь 1999 г.- Будапешт,1999.- С.18-29.
- 8 Zhanar Saimbetova, Karlygash Sarbassova, Shakira Mukashovna Mukhtarova, Aidos Bekmagambetov, Gulnara Kaltayeva // Competence Approach to Developing Ethical-Cultural Personality of Future Teachers of Vocational Training. «MAN IN INDIA» // INDIA June, 2017. © Serials Publications,97 (6) : 327-344p.